



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

ыныойландырады. Аурудыоныңсебептерінеәсеретуарқылығанажазасың. Керісіншежағдайда, біз бірыңғайоныңнышандарыналуғадушармыз. Осы күрестеенбастысықоғамдықинституттарменмаксималдықызметістегенкездеғанатабысқа сене аламыз.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықпен күрес барлық мемлекеттік органдар алдындағы басты міндеттің бірі болып отыр. Қылмыстың бұл түрінің қоғамымыздың барлық саласына тамыр жайып кеткені жасырын емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет шараларының ғылыми танымдары мен өзекті мәселелері Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды реформалаудың барлық кешенді мәселелерімен тығыз байланыста. Сондықтан да қоғам бойындағы бұл кесапат кеселмен күреске мемлекетіміз айрықша мән беріп отыр.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары сияқты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мемлекетіміздің басқару жүйесіндегі сәйкесті буындарды тұншықтырып, олардың қалыпты, заңды қызмет жасауына кедергі келтіреді. Ал, іс жүзінде бірқалыпты дұрыс қызмет атқаратын мемлекеттік органдардың қызметі ғана қоғамның экономикалық дамуына, оның мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қабілетті. Осыған орай мемлекеттік басқару жүйесін қорғау, оған қылмыстық қол сұғуды болдырмау ең маңызды мәселе болып табылады. Өйткені мемлекеттік аппарат қоғамды басқару жүйесінің қажеттілігі, басқару жүйесіндегі әр түрлі процестердің реттеушісі болып табылады.

Жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы. Осыны шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жандүниесін ұдайы таза, адал ұстауы тиіс. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу – мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы, осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарлама жоғары деңгейдегі жауаптылықпен іске асырылуы тиіс.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашада қабылданған.
3. <http://malimetter.kz/sybajlas-zhemkorlyk-kylmystarynyn-tusinigi/>

УДК 347.965.982

#### **ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖӘНЕ ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІ**

**Еменова Назира Ерболовна**

[emenova.nazira.98@mail.ru](mailto:emenova.nazira.98@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Заң факультеті, “Құқықтану” мамандығының 2- курс студенті,  
Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Сеилханов Ж.Д

«Коррупция» термині латын тілінің «*corruptere*» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Осыған

сай термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздік тәртіпті білдіреді[1].

Жемқорлықты жеңу Қазақстан үшін Елбасы Н.Ә. Назарбаев нақты белгілеген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сол себепті Президент өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында дамыған мемлекеттің жаңа саяси басымдықтарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлықпен күресті атап көрсетті[2].

Көбіне қоғамда сыбайлас жемқорлыққа екі негізгі кейіпкер қатысады: оның біріншісі үкімет, ал екіншісі жеке меншік секторы. Қағида бойынша азаматтар жемқорлықтың бас құрбанына айналады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «...жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы»[3].

Біріккен Ұлттар Ұйымының құжаттарында қолданылатын «жемқорлық» терминінің халықаралық – саяси анықтамасы мынадай деп берілген: сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке басының пайдасы үшін және үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық дегеніміз қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу немесе пара беру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына, мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жүйелі қатерді білдіріп, жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларға кедергі келтіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Жаңғыртудың ең негізі мәселелерінің бірі-сыбайлас жемқорлықпен күрес. Бұл бағыттағы біздің жасаған әрекеттеріміз мемлекеттік аппараттағы жемқорлықтың деңгейін төмендетті. Оны халықаралық сарапшылар да атап өтті. Бізге сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа стратегиясын дайындау қажет. Сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу ескерту үшін қоғамды, ақпараттық мүмкіндіктерді, жаңа құқықтық тетіктерді пайдалану керек. Басқа мемлекеттердің тәжірибесін зерделеу және пайдалану қажет» - деп атап өткен болатын.

Қазіргі таңда осы бағыттағы жұмысты жетілдіру үшін шет ел мемлекеттерінің тәжірибелерін талдау және олардың оңтайлы тұстарын пайдалану мәселесін зерттеу өзекті болып табылады.

Герман Федеративтік Республикасында сыбайлас жемқорлыққа федералдық деңгейде Бундестаг (қылмыстық-құқықтық және басқа актілер) қабылдап және жергілікті деңгейінде Ландтагтар (қызметтік-құқықтық актілер) қабылдап қарсы күрес жүргізеді.

Атқарушы билік саласында: федералдық деңгейде — Федералдық ішкі істер министрлігі және басқа органдар (алдын алу функциясы), сондай-ақ Федералдық әділет министрлігі қылмыстық қудалау саласында (қуғындық функция); жерлер деңгейінде — тиісті жерлер министрліктері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық фактілерін айқындау және олардың алдын алу функцияларын полиция, прокуратура, ішкі тергеу органдары, есеп және тексеру органдары атқарады.

Тексерудің негізгі бағыттары:

-мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа шалдығуы мүмкін лауазымды орындарға талдау жүргізу;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күрес шараларын қайта тексеру;

- сыбайлас жемқорлық туралы келіп түскен хабарларды зерделеу;

- басқару салаларының жыл сайынғы есептеріне баға беру;

- жалпы федералдық аумақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға келісу;

- ішкі ревизияларға кәсіби қадағалау жасау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті стратегиялық жоспарлау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзге де іс-шаралар.

Сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық жазаланатын фактісі анықталған жағдайда материалдарды полицияға немесе прокуратураға тергеуге береді.

Германияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің федералдық бағдарламасы бар, ол «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және оған қарсы тұру тұжырымдамасы» деп аталады. Мұндай тұжырымдамалар муниципалдық деңгейде де бар. Олардың орындалуын Ішкі істер министрлері, сенаторлар конференциясы бақылап отырады.

1997 жылғы 9 қыркүйекте «Қосымша қызметпен айналысуға шектеу салу туралы» заң қабылданды. Онда қандай қызметтерді қанша уақыт бойы біріктіріп атқаруға болатындығы көрсетілген. Мысалы, екінші қосалқы жұмыс негізгі жұмыспен сәйкес келмесе, онда оларды қосып істеуге тыйым салынған. Қосып істеу мерзімі бес жылдан аспауы қажет және олардан түскен табыс жайында деректер берілуі керек.

Қызметке нұқсан келетін болса, жұмыстарды қосып істеуге тыйым салынады. Олар мынадай жағдайда:

- қызметкер атқаратын негізгі жұмыстың ауқымы үлкен болса;
- қосымша жұмыс қызмет мүддесіне қайшы келсе;
- қосымша жұмыс қызметкер қарайтын билік органы тартылған салада жүзеге асырылатын болса;
- қосымша жұмыс қызметкердің саяси бейтараптық принципін бұзатын болса;
- мемлекеттік басқарудың беделіне нұқсан келтіретін болса.

Дүниежүзін алаңдататын мәселелердің бірі шетелдік әріптестерді ақшаға сатып алу болып табылады. Мәселен, кейбір мәліметтерге сүйенсек АҚШ компаниялары дамушы елдердің нарығын оңай жаулап алу үшін ондаған миллион доллар жұмсайды екен. Бұл компанияға тиімді болғанымен, дамушы мемлекетке тиімсіз екені сөзсіз. Еуропа Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы осыған қарсы 1997 жылы «Халықаралық істер операцияларын жүргізуде шетелдік мемлекеттік лауазымды тұлғаларды парамен сатып алуға қарсы күрес конвенциясын» қабылдады. Онда корпорациялар үшін 2 млн. долларға дейін айыппұл, жеке адамдар үшін 5 жылға дейін бас бостандығын айыру санкциясы белгіленді[4].

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998
2. Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.
4. Наумов А.В., Ответственность за коррупционные преступления по законодательству европейских стран (салыстырмалы-құқықтық талдау). Жинақ: Коррупция: политические, экономические, организационные и правовые проблемы. М., 2001.-С-121.

УДК343.3

### **ТЕРРОРИЗМНІҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

#### **Жумабекова Дана Алибековна**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші –з.ғ.к., профессор Сембекова Б.Р

Терроризм өзінің көріністері мен формасы, көлемі мен қарқындылығы және қатыгездігі себебінен жаһандық маңызы бар ең өткір және жағымсыз мәселелердің біріне айналды. Бұл құбылыс көптеген құрбандармен қатар келеді және сенімсіздікті тудырады. Көптеген